ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

2026 Ж. ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕК АЙЛАРЫ

2026 жылдың алғашқы 9 айындағы шикі мұнай өндіру көлемі

26,6 млн метр. тонна
шамамен 212,3 млн баррель

2026 жылдың алғашқы 9 айындағы тауарлық газды өткізу көлемі

4,2 млрд текше метрден астам

2026 жылдың алғашқы 9 айындағы сұйытылған газды өткізу көлемі

979 мың метр. тоннадан астам

2026 жылдың алғашқы 9 айындағы күкіртті өткізу көлемі

1,79 млн метр. тоннадан астам

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

2000 жылдан бері ТШО-ның қоршаған ортаны қорғау шараларына салған инвестициялары

$3,2 млрд астам

2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілетін шығарындылардың азаюы

78%

2026 жылдың алғашқы 9 айындағы ТШО өндірген газды кәдеге жарату деңгейі

99,4%

2026 жылдың алғашқы 9 айындағы суды қайта пайдалану деңгейі

48%

ТШО тұрмыстық ағын суларды кәдеге жарату, өндірістік мақсатта тазарту және қайта пайдалану арқылы суды үнемдеу бағытындағы іс-шараларды одан әрі жүзеге асыруды жалғастыруда

ТШО қалдықтардың 30-дан астам түрін қайта өңдеуге жібереді. 2026 жылдың алғашқы 9 айында қалдықтарды қайта өңдеудің жалпы үлесі 66%-ға жетті.

2026 Ж. ҚАҢТАР-
ҚЫРКҮЙЕК АЙЛАРЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТІКЕЛЕЙ ҚАРЖЫЛАЙ САЛЫМЫ

1993 жылдан бастап 2026 жылдың алғашқы 9 айына дейін

шамамен $222 млрд

2026 жылдың алғашқы 9 айында

шамамен $10,2 млрд

Бұған мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдер, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылатын төлемдер, ТШО-ның қазақстандық серіктеске бөлінген дивидендтер, қазақстандық тауар өндірушілер мен қамтушылардың өнімдері мен қызметтерін сатып алуға жұмсалған қаржы, сонымен қатар кәсіпорынның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақы кіреді

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУШЫЛАРДЫҢ ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІН САТЫП АЛУ

1993 жылдан бастап


шамамен $53,5 млрд

2026 жылдың алғашқы 9 айында


шамамен $1,3 млрд



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР




ТШО қызметкерлерінің 96% – Қазақстан Республикасының азаматтары. 1993 жылы бұл көрсеткіш 50% болатын.



ТШО-ның басқарушы құрамындағы қазақстандық жоғары және орта буын жетекшілерінің үлесі шамамен 90% құрайды.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ҮЛЕС

ТШО 2010 жылдан 2025 жылға дейін денсаулық сақтау, білім беру, экономика және азаматтық қоғамды дамыту салаларындағы қауымдастықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде **179 әлеуметтік жобаны** қолдады.






ТШО құрылған күнінен бастап, «Игілік» жобасын қоса алғанда, өзінің әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламалары арқылы Атырау облысында мектептер, ауруханалар, демалыс орындары, балабақшалар және басқа да қоғамдық нысандарды салу және жақсарту үшін **120-дан астам** әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаға инвестиция салды.

ТШО 2026 жылы өзінің әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде Атырау облысында денсаулық сақтау, білім беру сапасын жақсарту және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған **20 әлеуметтік жобаға** қолдау көрсетті.

ТШО ТУРАЛЫ

Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды. «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды.



Жалпы барланған қор

Теңіз кен орны

3,1 млрд тонна
25 млрд баррель

Королёв кен орны

200 млн тонна
1,6 млрд баррель

Теңіз және Королёв кеніштерінен алынатын мұнай қоры

1,4 млрд тонна
11 млрд баррель

Теңіз коллекторының **ені 20 шақырым, ұзындығы 21 шақырым.**